

«8D04201-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Жамбурбаева Сабинаның «Азаматтық іс-жүргізу құқығындағы тапсырма бойынша өкілдік: теория және құқық қолдану тәжірибесі» тақырыбында диссертациясының

АННОТАЦИЯСЫ

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Азаматтық іс-жүргізудегі тапсырма бойынша өкілдікті диссертациялық зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесін қазіргі заманғы дамытудың бірнеше өзара тәуелді факторларға байланысты.

Біріншіден, сот арқылы қорғалу құқығы және сот төрелігіне қол жетімділік өзара тәуелді құқықтардың ажырамас жүйесі болып табылады, олардың біреуін бұзу немесе жеткіліксіз іске асыру жалпы құқықтық қорғаудың тиімділігін төмендетеді. Бұл фрагментті емес, кешенді тәсілдерді, соның ішінде конституциялық кепілдіктерді іске асыру тетігінің негізгі элементі ретінде сот өкілдігі институтын үнемі жетілдіруді талап етеді.

Екіншіден, тапсырма бойынша өкілдіктің қолданыстағы құқықтық реттелуінде қайшылықтар мен ахаулықтар кездеседі. Заң консультанттары палаталарының Республикалық алқаға мүше болуының еріктілігі оған үйлестіруші функцияларды жүктей отырып, алқаның бақылау функцияларын жүзеге асырудың институционалдық қабілетін әлсіретеді, бұл өз кезегінде заң консультанттарының кәсіби қызметінің сапасына теріс әсер етуі мүмкін.

Сонымен қатар, азаматтық туралы заңнамалық талаптың болмауы, құқықтық көмек стандарттарының, сапа өлшемдерінің, кәсіби мінез-құлық регламенттерінің және этикалық нормалардың бірегейленбеуі білікті заң көмегін алуға конституциялық кепілдікті іске асыруға кедергі келтіретін және тұрақты және сапалы негізде сот өкілдігі институтының одан әрі дамуын қиындататын, заң консультанттарының қызметін реттеудің құқықтық тетігіндегі жүйелі теңгерімсіздіктерді көрсетеді.

Үшіншіден, арнайы заң білімі мен практикалық тәжірибесі жоқ тұлғаларды сот өкілдігінен шығаруға бағытталған заңнамалық реформалар осы институттың шартты кәсібиленуіне негіз болды. Алайда, бұл өзгерістер тапсырма бойынша өкілдікті құқықтық реттеу мәселелерін кешенді шешуді қамтамасыз етпеді, оның жұмыс істеуінің теориялық және практикалық аспектілері шешілмеген күйінде қалды.

Соттағы өкілдік субъектілерін адвокатура негізінде біріктіру идеясының айналасында шоғырландырылған адвокатура өкілдері мен заң консультанттары арасындағы кәсіби пікірталастарды жандандыру зерттелетін тақырыпты айрықша маңызды етеді. Бұл пікірталастар ұсынылған заңнамалық бастамалардың мазмұны мен бағытына тікелей әсер етеді, бұл оларды терең ғылыми тұрғыдан түсіндіруді және объективті бағалауды қажет етеді.

Сот төрелігін модернизациялау жағдайында ұсынылған реформалар өкілдіктің жекелеген нысандарын институционалдық ірілендіруге емес, азаматтық процестің барлық қатысушылары үшін қолжетімді білікті заң көмегінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Осылайша, тапсырма бойынша өкілдік институтының құқықтық табиғаты, жүйелі ұйымдастырылуы және даму перспективалары мәселелерін зерттеу тек ғылыми ғана емес, сонымен бірге маңызды қолданбалы мәнге ие болады.

Төртіншіден, шетелдік тәжірибені зерттеу көптеген елдерде кәсіби емес өкілдікке апелляциялық және кассациялық инстанцияларда шектеулер қойылғанын байқатады. Мұндай тәжірибе білікті заң көмегін қамтамасыз етуге, процессуалдық кепілдіктерді сақтауға және бірыңғай құқық қолдану практикасын қалыптастыратын кезеңдерде сот төрелігінің сапасын арттыруға бағытталған.

Сот өкілдігін реттеудің баламалы модельдерін зерделеу қазақстандық құқықтық жүйені жаңғырту үшін тәжірибелік құндылыққа ие, өйткені ол халықаралық тәсілдерді де, ұлттық юрисдикцияның ерекшелігін де ескеруге мүмкіндік береді. Бұл тапсырма бойынша өкілдік институтын жетілдіруге байланысты тақырыптың ғылыми және қолданбалы маңыздылығын көрсетеді.

Бесіншіден, қоғамның цифрлық трансформациясы жағдайында оны цифрландыруға баса назар аудара отырып, сот өкілдігі институтын модернизациялау қажеттілігі өзекті болып отыр. Мұндай трансформация осы институтты қазіргі заманғы талаптарға және технологиялық дамуға сәйкестендіруге бағытталған, бұл осы бағыттың теориялық және қолданбалы аспектілері тұрғысынан жоғары маңыздылығын анықтайды.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – тапсырма бойынша соттағы өкілдікті құқықтық реттеудің теориялық және практикалық мәселелерін айқындау, Қазақстан Республикасы мен шет елдердің заңнамасы бойынша сот өкілінің құқықтық жағдайына салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу, сондай-ақ азаматтық іс-жүргізу құқығындағы тапсырма бойынша өкілдік институтын құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген теориялық ережелер мен тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеу.

Зерттеу міндеттері. Алға қойылған мақсатқа жетуге міндеттерді нақты қою және шешу ықпал етті:

- Соттағы өкілдіктің түрі ретінде тапсырма бойынша өкілдіктің теориялық-құқықтық негізін оның мәнін, құқықтық табиғатын аша отырып зерделеу, сондай-ақ азаматтық іс-жүргізу құқығы теориясы тұрғысынан соттағы өкілдік институтын сипаттау және оның анықтамасын тұжырымдау;

- «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабында аталған субъектілердің қызметіне сәйкес келуі тиіс критерийлерді басшылыққа ала отырып, «заң көмегі» ұғымына анықтама беру;

- тапсырма бойынша сот өкілдігін кәсібилендіру ерекшелігін зерттеу және соттағы өкілдің біліктілігіне сәйкес келетін заң көмегі сапасының критерийлерін анықтау, «білікті заң көмегі» ұғымына анықтама беру;

- ұлттық заңнаманы жетілдірудің ықтимал бағыттарын айқындау мақсатында әртүрлі юрисдикциялардағы құқықтық реттеудің жалпы тенденциялары мен ерекшеліктерін анықтау үшін шет елдердің заңнамасы бойынша сот өкілдерінің жіктелуіне салыстырмалы-құқықтық шолуды орындау;

- заң консультанттарының қызметін бақылаудың тиімділігінің жеткіліксіздігі проблемаларын анықтау және заң консультанттары палаталарының қызметін оңтайландыру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу;

- адвокаттар мен заң консультанттары көрсететін заң көмегінің ашықтығын қамтамасыз етуге және сапасын арттыруға бағытталған азаматтық істер бойынша сот өкілдігі жүйесіне блокчейн технологиясын енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу әдістері. Жұмыста келесі зерттеу әдістері қолданылды: зерттелетін құқықтық құбылыстың әртүрлі аспектілерінің бірегей сипаттамалары мен өзара байланыстарын зерттеу үшін талдау және синтез әдістері қолданылады; азаматтық процестің шеңберіндегі сот өкілдігі институтының эволюциясын зерделеу үшін оның тарихи дамуын ескере отырып, тарихи-құқықтық тәсіл қолданылды; терминологияны анықтау және зерттеу барысында заңды қолданудың дәлдігін қамтамасыз ету үшін тұжырымдамалық жүйені пайдалануда формальды-құқықтық әдіс қолданылды; салыстырмалы-құқықтық әдіс Қазақстан Республикасындағы өкілдіктің құқықтық нормалары мен тәжірибесін халықаралық стандарттармен және басқа мемлекеттердің тәжірибесімен салыстыру үшін пайдаланылады; статистикалық әдіс азаматтық іс-жүргізу заңнамасы бойынша тапсырма бойынша сот өкілдігіне жіберілетін кәсіби субъектілердің санын айқындау мақсатында қолданылды; жиналған деректерді бағалау, түсіндіру және өкілдік институтын жетілдіру бойынша негізделген қорытындылар мен ұсынымдарды қалыптастыру үшін зерттеу авторы аналитикалық әдіс қолданылды.

Аталған әдістерді қолдану диссертацияда қойылған мәселелерді жан-жақты зерттеуге, зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық іс-жүргізу құқығында өкілдік институтын дамыту жолдарын ұсынуға мүмкіндік берді.

Қорғауға шығарлған негізгі тұжырымдар.

1. Азаматтық іс-жүргізу құқығы теориясында «тапсырма бойынша сотта өкілдік ету» ұғымы анықтамасының болмауына байланысты келесідей авторлық анықтама ұсынылады: «Тапсырма бойынша сотта өкілдік ету – бұл азаматтық іс-жүргізу құқығы нормаларының негізінде туындайтын және сенімхатпен не заңда көзделген өзге де құжатпен расталатын соттағы өкілдіктің түрі, оның шеңберінде уәкілетті тұлға (өкіл) азаматтық іс-жүргізудің барлық сатыларында сенім білдірушінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ете отырып, білікті және өзге де заң көмегін көрсетеді».

2. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңында бекітілген «заңдық көмек» ұғымының анықтамасында осындай көмек көрсетуші тұлғалардың субъектілік құрамымен сәйкессіздігі орын алған. Заңның 1-бабының 3) тармақшасында заң көмегі білікті заң көмегін алу құқығын іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған қызмет деп түсіндірілген. Ал, осы Заңның 20-бабында Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағында белгіленген білікті заң көмегіне жатпайтын, заң көмегін көрсететін, міндетті мүшелігі бар коммерциялық емес ұйымдарға кірмейтін субъектілер, оның ішінде мемлекеттік органдар, нотариустар, жеке сот орындаушылары және жеке тұлғалар тізбеленген. Бұндай сәйкессіздік «заң көмегі» ұғымының анықтамасын келесідей түзетуді қажет етеді:

«3) заң көмегі – жеке тұлғалар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған, құқықтық ақпараттандыру, кеңес беру және өзге де құқықтық іс-әрекеттер жасау функциялары берілген субъектілер жүзеге асыратын қызмет.».

3. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «білікті заң көмегі» дефинициясын бекіту ұсынылады. Осыған байланысты 1-баптың ұғымдық аппаратын келесі редакциядағы 3-1) тармақпен толықтыру қажет деп санаймыз:

«3-1) білікті заң көмегі – Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағында кепілдік берілген құқықты іске асыруға, осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында қарастырылған тәртіппен білікті заң көмегін алуға бағытталған кәсіби қызмет.».

4. Кассациялық сатының және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құқық қолдану қызметі сот практикасын қалыптастыратынын және бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың құқықтық позицияларына айтарлықтай әсер ететінін ескере отырып, мұндай процестерге қатысу судьялардан ғана емес, сот өкілдерінен де жоғары кәсіби даярлықты талап етеді. Осыны, сондай-ақ шетелдік тәжірибені (Франция, Бельгия, Исландия, Грузия, Австралия, Люксембург, Таиланд, Пәкістан және т.б.) ескере отырып, кассациялық сатыдағы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соттарында мүдделерді білдіруді тек адвокаттар жүзеге асырады деп заңнамалық тұрғыдан белгілеген жөн.

Ол үшін Қазақстан Республикасы АПК-нің 57-бабы 3-бөлімінің 2) тармақшасына өзгерістер енгізу ұсынылады: «3. Мыналар:

2) осы Кодекстің 58-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалар кассациялық сатыдағы сотта осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген тұлғалардың өкілдері болып табылады.».

5. Республикалық заң консультанттары палатасын құра отырып, заң консультанттарының қызметін бірыңғай үйлестіру жүйесін де құру орынды деп санаймыз. Қазіргі уақытта Республикалық заң консультанттары алқасына кірудің еріктілігіне байланысты барлық палаталар оның мүшесі болмады, бұл осы ұйымның функцияларына, оның ішінде палаталардың қызметін үйлестіруге қайшы келеді.

Қарастырылғандарға байланысты ұсынылады:

- «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 78-1-бабының атауы: «Республикалық заң консультанттары алқасы» деген «Республикалық заң консультанттары палатасы» болып өзгертілсін;

- 78-1-бабының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «Республикалық заң консультанттары палатасы – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың... заң консультанттары палаталарының міндетті мүшелігіне негізделген коммерциялық емес ұйым».

Сонымен қатар, палаталардың көптігі Заң консультанттарының бірыңғай тізілімін жүргізуді қоса алғанда, олардың қызметін бақылауды қиындататынын ескере отырып, заң консультанттары палаталарының санын әрбір облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада біреуге дейін қысқарту ұсынылады. Осыған байланысты, адвокаттар алқаларына ұқсас мынадай мазмұндағы 78-бапты 3-тармақпен толықтыру орынды деп санаймыз:

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында заң консультанттарының бір палатасы құрылады және жұмыс істейді, ол басқа облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құруға құқылы емес.».

6. Цифрландырудың қазіргі жағдайында кәсіби құпияны сақтай отырып, білікті заң көмегін көрсету сапасын жақсарту үшін адвокаттар мен заң консультанттарының қызметі саласындағы мамандандырылған платформа арқылы іске асырылатын блокчейн технологиясын енгізген жөн. Бұл платформа қауіпсіздік деңгейін арттыру және мәліметтерді сенімді сақтау үшін криптографиялық шифрлау әдістерін пайдалана отырып, сот шешімдерінің, талап арыздардың, сот практикасын жалпылау мен талдаудың базаларын қоса алғанда, басқа автоматтандырылған жүйелермен ақпарат алмасуға мүмкіндік береді. Жүйенің әртүрлі қатысушыларының өзара іс-қимылы қажетті ақпаратқа қол жеткізуді жеделдетеді және заң көмегін көрсету процесін оңтайландырады.

Блокчейн технологиясын қолдану адвокаттар мен заң кеңесшілерінің тізілімдерін жүргізуге, сондай-ақ адвокаттар мен заң кеңесшілерін аттестаттауға ықпал етуі мүмкін, бұл осы процестің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Жеке блокчейнді қолдану сенім білдіруші мен өкіл арасында смарт-келісім-шарттар жасауға, құжаттармен алмасуды және қол қоюды жеделдетуге, тараптардың өз міндеттерін орындауын бақылауға, электрондық цифрлық қолтаңбалардың көмегімен желі қатысушылары тексеретін және растайтын ашық транзакциялар жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы. Азаматтық процесте тапсырма бойынша өкілдікке арналған көптеген ғылыми еңбектердің болуына қарамастан, көптеген мәселелер, әсіресе соңғы заңнамалық

өзгерістер аясында оны құқықтық реттеуге қатысты мәселелер жеткілікті түрде қарастырылмаған. Бұл зерттеу ғылыми жаңалыққа ие, өйткені оны жүзеге асыруға уәкілетті субъектілердің жаңартылған шеңберін ескере отырып, Қазақстан Республикасының азаматтық процесінде тапсырма бойынша өкілдікті алғашқы кешенді зерттеу болып табылады.

Жұмыста өкілдіктің пайда болу және тоқтату негіздерін, өкілдің құқықтық мәртебесін және оның іс-жүргізу өкілеттіктерінің ерекшелігін қоса алғанда, оның негізгі құрамдас бөліктері қарастырылған.

Азаматтық процестегі өкілдіктің мазмұнын құрайтын бірқатар процессуалдық терминдер мен ұғымдарға (атап айтқанда, авторлық анықтама тұжырымдалған), сондай-ақ қолданыстағы құқықтық нормаларға түсініктемелер мен авторлық түсініктемелер берілген, соның ішінде құқықтық коллизиялар мен ахаулықтар айқындалған.

Бұдан басқа, зерттеу шеңберінде тапсырма бойынша өкілдік ету тетігін жетілдірудің қолданыстағы доктриналық және тәжірибелік тәсілдері жинақталды, олар азаматтар мен ұйымдарды құқықтық қорғаудың тиімділігін арттыруға бағытталған авторлық дәлелдермен және қорытындылармен толықтырылды.

Өкілді жоғары тұрған сатылардағы істерге қатысуға жіберу тәртібін қамтитын, оның ішінде құқықтық реттеудің халықаралық тәжірибесін талдау жолымен, рәсімдік мәселелерді оңтайландыру бойынша шешімдер әзірленді. Қазақстан Республикасындағы сот өкілдігін одан әрі кәсібилендіру қажеттілігі негізделген.

Зерттеу аясында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде ұсынылған теориялық тәсілдер де, тәжірибелі мамандардың ұстанымдары да жан-жақты зерттелді, сондай-ақ қолданыстағы құқықтық реттеу ережелері мен тәжірибе материалдарды талданды. Тәжірибе материалдары, соның ішінде адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиядан айыру, адвокаттар алқасынан және заң консультанттары палаталарының тізілімінен шығару туралы істерді, сондай-ақ палаталарды тіркеудің заңдылығына байланысты дауларды қамтиды. Жүргізілген талдау құқықтық реттеудегі ахаулықтарды анықтауға, диссертацияда авторлық теориялық негізделген ұстанымдар тұжырымдауға және азаматтық сот ісін жүргізудегі тапсырма бойынша өкілдікті құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған тәжірибеге бағытталған ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығының негіздемесі.

Бұл зерттеу ғылыми жаңалыққа ие, өйткені, Қазақстан Республикасының азаматтық іс-жүргізу құқығында тапсырма бойынша өкілдікті, оны жүзеге асыруға уәкілетті субъектілердің жаңартылған шеңберін ескере отырып, алғаш рет кешенді зерттеген ғылыми жұмыс болып табылады.

1-нәтиже жаңа болып табылады, азаматтық іс-жүргізу құқығындағы өкілдік институтын құқықтық реттеу теориясын зерделеу негізінде соттағы тапсырма бойынша өкілдік ұғымы анықтамасының берілмегендігі анықталды. Бұл ұғымның авторлық анықтамасы ұсынылған, ол сотта өкілдік

етудің мәнін азаматтық процестің барлық сатыларында сенім білдірушінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін білікті және өзге де заң көмегі ретінде ашады.

2-нәтиже жаңа болып табылады, өйткені диссертант теориялық базаны зерделеу және кешенді талдау жүргізу негізінде «заң көмегі» ұғымының мазмұны әркімнің білікті заң көмегін алу құқығын белгілейтін Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағына толық сәйкес келмейді деген қорытындыға келеді. «Заң көмегі» ұғымының жаңа анықтамасы ұсынылды, оны автор заң көмегінің нақты белгілерінің жиынтығы ретінде анықтайды.

3-нәтиже жаңа болып табылады, өйткені автор «заң көмегі» және «білікті заң көмегі» құқықтық дефиницияларының аражігін ажыратуды және «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабындағы ұғымдық аппаратты «білікті заң көмегі» терминін 3-1) тармақпен толықтыру арқылы негізделген түзету енгізуді ұсынды.

4-нәтиже жаңа болып табылады, өйткені кейбір шет елдердің озық тәжірибесін зерделеу негізінде автор білікті заң көмегінің неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты ҚР АПК-нің 57-бабының 3-бөлігі 2) тармақшасының авторлық редакциясын ұсынды.

5 нәтиженің жаңалығы автордың Республикалық заң консультанттары палатасын құра отырып, заң консультанттарының қызметін бірыңғай үйлестіру жүйесін құрудың негізділігі шеңберінде заңнамалық түзету ұсынуымен айқындалады, сонымен қатар заң консультанттары палаталарының санын әрбір облыста, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада біреуге дейін қысқарту ұсынылады, өйткені палаталардың көптігі олардың қызметін бақылауды қиындатады.

6-нәтиже жаңа болып табылады, өйткені онда кәсіби сот өкілдігі шеңберінде құқықтық қолдау көрсету тетігін жетілдіретін блокчейн-платформаны енгізудің орындылығы туралы ұсыныстар тұжырымдалған.

Блокчейн технологиясы деректердің ашықтығы, өзгермейтіндігі және орталықсыздандырылуы қағидаларына негізделген сенімді инфрақұрылым қалыптастырады, бұл білікті заң көмегін көрсетудің тиімділігі мен сапасын айтарлықтай арттырады. Осы сипаттамалардың арқасында блокчейн құқықтық көмекті цифрлық даму тенденцияларына сәйкес келтіруге ықпал етеді.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.

Зерттеу бағыты Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының стратегиялық басымдықтарына сәйкес келеді: Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы, «Қазақстан-2050» Стратегиясы, Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары, 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы, Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, а также

Қазақстандық адвокатураны дамытудың 2022-2025 жылдарға арналған «Жаңа Қазақстан – Жаңа адвокатура» тұжырымдамасы. Мемлекеттік саясаттың көрсетілген бағдарлары реформалардың біртұтас идеологиясын қалыптастырады, оның аясында осы диссертациялық зерттеу ерекше маңызға ие және тәжірибелік бағытқа ие болады.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 8 ғылыми мақалада жарияланды, оның ішінде: 1 мақала – Scopus базасына кіретін рецензияланатын басылымда, 4 мақала – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынған басылымдарда, 3 мақала – халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары жинағында.